«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

100003, город Караганда, ул. Абая, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

29.03.2021 № 7-6/1497

"СтройГарант 2019" ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы «05» наурызда № 90336 мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы түскен электронды шағымыңыз негізінде, келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында ұйымдастырушы "Теміртау қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" ММ 2021 ж. 26 қаңтарында № 5333197-2 «Ақтау кентінің көлік жолдарының орташа жөндеу жұмыстары» сатып алу бойынша ашық конкурс жариялаған.

2021 ж. «04» наурыздағы № 4956930 қорытындылар хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия Сіздің өтініміңізге жұмыс тәжірибесі бойынша 0% шартты жеңілдіктер ұсынылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (*бұдан әрі - Қағида*) қағиданың 155 тармағына сәйкес, Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5 және 5-1-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5-1 қосымшаның 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың мәні автомобиль жолдарын орташа жөндеу болып табылған жағдайда автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу жұмыстарының тәжірибесі ескеріледі.

Сонымен қатар, егер конкурс мәні автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыстар болып табылған жағдайда, **орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің** тиісті электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Камералдық бақылаумен, Сіздің тарапыңыздан біліктілігі туралы мәліметтерінде 2019 – 2020 жылдар аралығында орындалған жұмыстар бойынша мәліметтер көрсетілген. Алайда, Сіздің біліктілігі туралы мәліметтеріңізде көрсетілген жұмыстардың құжаттамаларында объектілерді пайдалануға қабылдау актілері көрсетілмеген.

Осыған орай, Сіздің өтініміңізге сатып алынатын жұмыстар нарығындағы жұмыс тәжірибесі бойынша 0% шартты жеңілдігі есептелінеді.

Сонымен қатар, Қағиданың 156 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің төленген салық көрсеткіші төрт пайыздан астам болған жағдайда, веб-портал **автоматты** түрде әрбір оннан бір (0,1) пайыздан асатын әрбір ондық (0,1) пайыз үшін оннан бір (0,1) пайыз мөлшерінде, бірақ үш пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Осыған байланысты, Департамент камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына және 14-бабының 6 тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Руководитель **М.Байдурин**

Исп. А. Кабдрашев
8 7212 - 42-55-8